**Перспективалық жоспар ересек «Нұршуақ»тобы**
**2021-2022 оқу жылы.**
**Қыркүйек айы**
**Өтпелі тақырып: «Бәрі мен жайлы»**

Мақсаты:Балаларға адам туралы түсініктерін қалыптастыру.
Өз тобы туралы айтуға және оны сыйлауға,достыққа,татулыққа тәрбиелеу.
Міндеттері:Өзі туралы,адамдар туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойындар ұйымдастыру.
Достық сезімдерін дамыту:досы;қыз бала;ербала;

| **тақырыпша** | **«Денсаулық»-3**<br><br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br><br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Орыс тілі-0,5<br>Көркем әдебиет-1 | **Таным-2,5**<br><br>Жаратылыстану-1<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5 | **Шығармашылық-3,5**<br><br>Сурет салу-1<br>Музыка-1,5<br>Жапсыру-0,5.<br>Мүсіндеу-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br><br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мен және менің тобым (І-апта)** | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Біздің спортзал.<br>**Мақсаты:** денешынықтару сабақтарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Міндеттері: балаларға саптағы орнын табуды үйрету. Бір орында тұрып жоғары секіруге үйрету, бір мезетте екі аяғымен еденнен серпіліп секіру қабілетін дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**Жүру.<br>Тапсырмаларды орындай отырып,бір-бірлеп тізбектеп жүруге және шашырап жүруге жаттықтыру.Жылдымдық және ептіліктерін дамыту.Қолдары мен еденге сүйеніп,шығыршыққа еңбектеп кіру.Тақтай үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Екі аяқпен секіріп тұру.<br>Кіші тірек алаңқайында тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету;кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің көңіл-күйім»**<br>**Мақсаты:** Адам туралы түсініктерін кеңейту. Ойлап айта білуге үйретуді дамыту. Сөз тіркестерін қолданып, дұрыс сөйлем құрауға үйрету.<br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:**Біздің балабақшада.<br>**Мақсаты:**Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту.Ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне,өзара сыйластыққа тәриелеу. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы**:Балабақша бөлмесі.<br>**Мақсаты**:балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабинеттерді салыстыруға үйрету.Балабақша бөлмесінде,еркін бағыт-бағдар жасау,топ бөлмесінде және тұрмыста заттарды дұрыс қолдануіскерліктерін жетілдіру.Есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер**:балабақшаның ауласы және бөлмелері бейнеленген суреттер немесе фотосуреттер.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**Бір және көп сандарды салыстыру және олардың арасындағы сәйкестікті табу.**<br>**Мақсаты**: Заттарды санына қарай салыстыра алу қабілеттерін арттыру,бір зат пен көп затты бірбіріне айыра білуге үйрету;санаудың дұрыс тәсіладерін пайдалана отырып,заттарды санау(2зат көлемінде);солдан оңға қарай санау,сандарды ретімен атап шығу,санмен затты сәйкестендіру;екі топтағы заттарды салыстырып,оларды теңестіру;таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен,кіші)салыстыру,оларды бір белгілеріне қарай топтастыру<br>**3.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**Інімекітапша сыйлаймын.<br>**Мақсаты**: кітап туралы білімдерін бекіту, кітаптың пайдасы туралы айту. Кітапша құрастыруда пішінді дұрыс таңдауға үйрету, қағазды қос бүктеу арқылы кітапша жасай білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. | **1.Сурет салу**.<br>**Тақырыбы:**Менің тобымдағы дәмді алмалар.<br>**Мақсаты:** Алманың суретін сала білуді үйрету.Алма жемісін салуда өз еркімен бояу түсін таңдай білу. Жоғарыдан төмен қарай қылқаламмен сызықтар жүргізе отырып толық, тегіс бояуға үйрету.Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.Жеміс-жидектерге деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Менің тобымдағы достарыма арналған үй»<br>**Мақсаты**:Балаларды қайшымен жұмыс істеуге үйрету;техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру;төртбұрыш,шаршылармен үйдің қабырғасын,үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер,қажетті құрал-жабдықтар**:ит пен мысықтың түрлі тұқымының суреті,түрлі түсті қағаздан жапсырмалары.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшісінің жоспары бойынша.<br>**4.Музыка**.Саз жетекшісінің жоспары бойынша. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мен және менің жақындарым. (ІІ-апта) | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Екі аяқпен секіріп тұру.**<br>Кіші тірек алаңқайында тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Алға қарай екі аяқпен секіріп жүруге үйрету;кішкентай допты еденге ұру және жоғарыға қарай лақтырып,оны қағып алу.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Біз азырақ сергідік.<br>**Мақсаты:** педагогтің нұсқауларын тыңдау және орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Біз – епті балалармыз.<br>**Мақсаты:** баланың қозғалыс қабілеті мен үйлесімділігін дамыту | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қуыршақ бізге қонаққа келді(**ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрастыру)»<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға үлгі бойынша ойыншықтарды сипаттап беруге үйрету. «С,Ш» дыбыстарын айтуға жаттықтыру. Ойын барысында өз бетінше сөйлеуге, сөздерді грамматикалық формада жіктеп айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстауға үйрету<br>**2.Орыс тілі**<br>**Тема:Я и моя группа**<br>**Цель:** Формировать дружеские взаимоотношения и навыки общения у детей старшей группы; расширить и уточнить представления детей о труде сотрудников детского сада; Развивать речь, логическое мышление, умение понимать смысл загадки находить отгадку; Воспитывать любовь к детскому саду, уважение к сотрудникам детского сада, к их труду; воспитывать дружеские чувства;<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы: «Менің әжем»** (өлең**)**<br>**Қадыр Мырза Әли**<br>**Мақсаты:** Өлеңді тыңдап,өз түсінігімен айта білуге,есте сақтау,ойлау қабілетін жетілдіру.Сыйластықты сезіне білуге баулу.Кішіпейілдікке,қамқорлыққа тәрбиелеу. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы: «Тату отбасы»**<br>**Мақсаты:** балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы, қызметтері мен қарым-қатынастары туралы әңгімелеуге; әңгімелесу барысында (амандасу, қоштасу,алғыс айту) әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді қолдануға үйрету.Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы сұрақтарға жауап беруге, басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, түсіне білуге ынталандыру. Отбасы мүшелеріне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:**<br>**3 және 4 сандарын салыстыру.**<br>**Мақсаты:** Санау тәсілдерін пайдалана отырып,заттарды санауды(4көлеміндегі сандар);үлгі бойыншпа санау,екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау;жыл мезгілі туралы білімін күшейту(күз)заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру;қағаз бетіне бағдарлай алуға дағдыландырубілімін күшейту(күз)заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Атамның алма бағы.<br>**Мақсаты:**Алма ағашының суретін сала білуге үйрету.Алма ағашының құрылысына,ерекшелігіне сәйкесоның бөліктерін,бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Ағаш дінін қылқаламмен бастыра сызу және жапырақтары мен алмаларын әдемі бояуға жаттықтыру.Көріністі қабылдауын дамыту, түстері мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**Жемістер.<br>**Мақсаты:**<br>Пішінді мүсіндеудің басу, қысу,жалпақтау әдістерін пайдалана отырып,балаларды әртүрлі пішіндердегі заттарды мүсіндеге үйрету;сенсорлық тәрбие беру. Бейнені затпен салыстыру,мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту.<br>**Тәрбиелік:**балаларды табиғатты сүйуге тәрбиелеу;жемістердің пайдасын түсіндіру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**жемістер,жеміс муляждары, «Күз аруы» кейіпкері, бейне ролик.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:**ермексаз,ыдыстағы су,тақтайша.<br>**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру,көрсету, сұрақ-жауап.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:«Менің балабақшам»**<br>**Мақсаты:** балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру.<br>Міндеттері: - балабақша және оның қызметкерлерінің еңбегі туралы білімдерін нақтылау, ондағы түрлі мамандар туралы түсініктерін кеңейту; - балабақша қызметкерлері және құрбы-құрдастарымен өзара жағымды қарым-қатынастарын дамыту; - балабақша мүлкіне және қызметкерлердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Отбасылық дәстүр. (ІІІ -апта)** | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Жүруді жүгірумен,жүгіруді жүрумен алмастыру**. Қырымен жіптің үстінен аттап секіру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Ұзындыққа қапшықты лақтыруға жаттықтыру;жүрумен кезектестіре жүгіруді жетілдіру.<br>**2. Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы:Бөрене-нің үстінде жүру**. Допты жоғары лақтыру,екі қолымен допты қағып алуға жаттықтыру.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Бөрененің үстінде жүріп жаттығу;бөрененің үстінде аяғының ұшымен жүру.<br>**3**. **Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы:** Түрлі түсті кегельдер.<br>**Мақсаты**: секіру және допты домалату дағдыларын дамыту. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің жанұям»**<br>**Мақсаты:** Жанұя туралы түсініктерін кеңейту. Жанұя ортасын қарап шығып әңгіме құруға үйрету. Сөздікті етістіктермен, сын есімдермен толықтыру. Байланыстырып сөйлегеу, логикалық ойлауға үйрету. Өзінің алған әсерлерін байланыстырып айтып беруге үйрету (күрделі сөйлемдерді қолдана отырып).<br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы**: Отбасындағы сыйластық.<br>**Мақсаты:**Отбасы мүшелерін дұрыс атауға,сәлемдесіп,қоштасуға ,үлкенді сыйлап,құрметтеуге үйрету.Отбасында үлкенге құрмет,кішіге қамқорлық керектігін айтқызу арқылы инабаттылыққа тәрбиелеу. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы: «Адамның баспанасы»**<br>**Мақсаты:**Адамдардың баспаналары (киіз үй, көп қабатты үй, пәтер) олардың айырмашылықтарымен таныстыру.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:**<br>**Сан мен заттардың арасындағы сәйкестікті табу.**<br>**Мақсаты:** Сан мен заттың саны арасындағы сәкестікті табу;заттарды санау қабілетін күшейту(5саны көлемінде);заттады көлеміне қарай(үлкен,кіші,кішкентай)салыстыруды жалғастыру;заттардың ұқсастық белгілерін(көлемі)тауып,оларды сол белгілеріне қарайтоптастыруды үйренеміз;геометриялық фигура-шаршы туралы түсінікті нығайту.<br>**3.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы**:Жапырақтардан жасалған балықтар.<br>**Мақсаты**:су асты патшалығы жайлы білімдерін кеңейту, су жәндіктерін ің жапырақтардан жасалу жолдарын көрсете отырып, балықтың бөліктерімен таныстыру. Балаларды табиғи материалдарды дұрыс пайдаланып, балықтықұрастыра білуге үйрету, ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:**көгілдір түстіқағаздар, кепкенжапырақтар, үлгі суреттер,желім, ұсақ бұтақтар.<br>**Сөздік жұмыс:** су асты патшалығы, кепкен жапырақтар, қарақұмық, бұршақ. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Жолақтағы ою элементтері.<br>**Мақсаты:** Қазақ оюларының суретін салу тәсілдерімен таныстыру; қолданатын бұйымдарды ою-өрнектермен безендіру жолдарын геометриялық фигуралар салу арқылы көрсету; үзік сызықтарды қосу арқылы қандай бейне шығаратынын білдіру, балалардың көркемдік талғамын дамыту.Әдемілікті сезіне білуге, әдептілікке тәрбиелеу.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**«Піскен алмалар»<br>**Мақсаты:**қоршаған орта және күзде пісетін жемістер туралы білімдерін кеңейту,балаларды дәстүрден тыс аппликация- жырту тәсілімен таныстыру;желіммен жұмыс істеген кезде тиянақты болуға үйрету.Тілдерін дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.Шығармашылық ойын дамыту.Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекіліктер,қажетті құрал-жабдықтар**:алма бағының суреті.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша.<br>**4.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Үлкендер еңбегі (IV-апта)** | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Баскетбол ойынының элементтері.<br>Мақсаты:<br>Допты екі қолымен қағып алуға үйрету.Спортқа деген қызығушыылықтарын арттыру.Допты еденге соғуға жаттықтыру;жүргізуші ні ауыстырып, түрлі бағыттарда жүруге жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Допты домалату.<br>Мақсаты:<br>Шашырап жүруге және жүгіруге үйрету.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.Бір бағытты ұстап,бір-біріне допты домалату;доғаның астына еңбектеп ену.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Ойна – көңіл көтер. Таза ауада өткізу.<br>Мақсаты: организмнің функционалдық мүмкіндіктерін дамыту | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бау-бақшада,бақ-тарда. (**жемістер мен көкөністер арқылы оқыту ойыны»<br>**Мақсаты:** Блаларға көкөністе мен жемістерді таныстыруды жалғастыру**.** Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту. Балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу, сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу.<br>**2.Орыс тілі**<br>**Тема:Семья**<br>**Цель:** Закреплять представление о том, что такое семья, о родственниках, родственных отношениях познакомить с традициями семьи. Объяснить детям, что семья – это любовь, забота друг о друге, самое любимое и надёжное место на земле. Воспитывать любовь и уважение к старшим: бабушке, дедушке, маме, папе.<br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы: «Екі әтеш»** (ертегі)<br>**Мақсаты:** Ертегіні тыңдап,өз түсінігін жүйелі айта білуге баулу.Көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы: «Адам еңбегінің нәтижесі»**<br>Мақсаты:Еңбектің нәтижесінде пайдалы және қажетті өнім(киім,аяқкиім,жиһаз,ойыншықтар,т.б.)алынатынын түсіндіру.Ересектердің еңбегін ойын әрекетінде қолдану.Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:**<br>**Үлгі бойынша санау, сандарды салыстыру.**<br>**Мақсаты:** Заттарды санауды үйретудіжалғастыру(5саны көлемінде);екі топтағы заттарды санау;саны жағынан аз топқажетпей тұрған затты қосу;әртүрлі,бірақ саны жағынанбірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету;балалардың тәлік бөліктері туралы түсінігін нығайту;заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды жалғастырамыз(сол жағында,ортасында,оң жағында) | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** Не салғым келсе соны саламын.<br>**Мақсаты:** балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дөңгелек және сопақша бейнелер жасай білуге баулу, сурет салуда өзінің көңіл күйін бейнелей білуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Жемістердің суреті.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** бояу,қылқалам,қағаз,су,сүлгі, сурет дәптері.<br>**Сөздік жұмыс:** Көкөністер,жемістер.<br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:Себет.**<br>**Мақсаты:**Себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөлеп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету.Жұмыс барысында тазалыққа, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** себет түрлері,ТОҚ, интерактивті тақта, **Қажетті құрал-жабдықтар:** жұмыс дәптері, ермексаз, тақтайша, сулы орамал, алжапқыш, кескіш.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, қайталау, көркем әдебиет.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | 1.**Қоршаған ортамен танысу**.<br>Тақырыбы: «Менің отбасым»<br>Мақсаты: баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейте отырып, өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету.<br>Міндеттері: - баланың өзі және отбасы, тұратын үйі туралы түсініктерін кеңейту; - балаларды отбасылық мерекелер мен салтанатты іс-шараларға қатысу дағдыларын дамыту; - отбасы мүшелеріне, олардың әрекеттері мен өзара қарымқатынастарына түсіністікпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. |

# Қазан.
# Өтпелі тақырып: «Өсімдіктер әлемі»

**Мақсаты:**Балаларға өсімдік туралы түсініктерін қалыптастыру.

Айналадағы өсімдіктер туралы айтуға және өсімдікті қорғауға тәрбиелеу.

**Міндеттері**:Өсімдік туралы білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойындар ұйымдастыру.

Қоршаған ортаға деген сезімдерін дамыту:ағаш;терек:тал;жапырақ

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тақырыпша** | **«Денсаулық»-3**<br><br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br><br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Орыс тілі-0,5<br>Көркем әдебиет-1 | **Таным-2,5**<br><br>Жаратылыс тану-1<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5 | **Шығармашылық-3,5**<br><br>Сурет салу-1<br>Музыка-1,5<br>Жапсыру-0,5.<br>Мүсіндеу-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br><br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Дала,бөлме гүлдері.**<br>**(І-апта)** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:Қапшықты нысанаға лақтыру.**<br>Қапшықты нысанаға лақтыруға үйрету.Көзбен мөлшерлей білуді дамыту.Гимнастикалық баспалдақпен өрмелеуге жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар.**<br>Физиологиялық мүмкілікшіліктеріне қарай балаларды топтастырып ойнауға үйрету.Қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейту және тереңдету.Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы**: Күзгі гүлшоғы.<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, қозғалыс үйлесімділігі дағдыларын қалыптастыру. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** : «Ц» және «ч». Сөйлеудегі дыбыстау мәдениеті.<br>**Мақсаты**: а) Балаларға «Ц»және «ч» дыбыстарын дұрыс дыбыстап айтуды үйрету.<br>ә) Тыныс ала дыбыстауды, дауыс күші мен екпінін өзгерте білуді, отырып не қатты, бояу не тез сөйлеуді дамыту, дыбыстық қабылдауды орнату.<br>б) Көпшілік орындарда өздерін ұстай білу мәдениетін қалыптастыру.<br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы: «Ағаштар неге ашуланды»**<br>**Мақсаты:**Балаларды Б.Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып,оларға ағаштар және олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру.<br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тема:Цветы дома и в саду.**<br>**Цель**:Закрепить знания детей о комнатных растениях.<br>Познакомить с названиями комнатных растений: фиалка, бегония, герань, фикус. Выяснить, что нужно растениям для их роста и цветения. Учить | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы**:<br>Бөлме өсімдігі. Қазтамақ.<br>**Мақсаты:** өсімдіктердің адамдардың күтімі және табиғат-тың өзінің күтімі нәтижесінде өсіп жетілетіндігі туралы түсініктерін кеңейту. Қазтамақ өсімдігін танып, атай білу іскерліктерін дамыту. Гүлді отырғызудың қарапайым өре-кеттерін меңгерту. Жанды табиғат пен жансыз табиғат ара- сындағы байланыс туралы ұғымдарын кеңейту. Қамқорлыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** дала гүлдері, гүлзарда өсетін гүлдер мен бөлме өсімдіктерінің суреттері. Гүлдерінің түсі әртүрлі екі не- месе үш қазтамақ өсімдігі.<br>**Әдіс-тәсілдері:** сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:1цифрымен таныстыру.**<br>М:Математикалық санымен таныстыружұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отыры шешуге үйрету;1цифрын1 санының таңбасы ретіндетаныстыру.үлгіні пайдалана отырып ,1 цифрынсалуды үйрету;өзге сандардың арасынан1цифрын табу;заттардың орналасуын өзіне қатысты қатысты тұрғыда анықтайбілу дағдыларын бекіту(оң жақта,сол жақта,ортасында);геометриялық фигуралардың орналасу ретін түсіндіру. | **1.Сурет салу**.<br>**Тақырыбы:**Ауладағы үлкен және кішкентай сәбіз.<br>**Мақсаты:** Сәбіздің суретін сала білуге үйрету.Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту.Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Сәбіздің суреті.<br>**Сөздік жұмыс:** Сәбіз, сабақ.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**«Анамның жапқанбанкадағы қияр мен қызанақ»<br>Мақсаты:көкөністің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру;көкөніс түрлері туралы білімдерін кеңейту;бұрыштарын қайырып,шаршыдан шеңбер,тіктөртбұрыштан сопақ пішінді қиюды үйрету;назарлары мен ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Көрнекіліктер,қажетті құрал-жабдықтар:**<br>Көкөніс пен жеміс тиелген арбалар.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша.<br>**4.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Аулада нелер өседі. (ІІ-апта) | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Шыбын бике-Шырынгүл.**<br>**Мақсаты:**Қ.Мырзали евтің аудармасы бойынша жазылған «Шыбынбике-Шырынгүл»ертегі-өлеңінен үзінді жаттату.Адамгершілік қасиеттері арқылы секіруге жаттықтыру;өзін-өзі уқалауға жаттықтыру.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Доппен жұмыс.**<br>**Мақсаты:**Бір-біріне допен кеуде тұсынан лақтыруға үйрету.Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Қолды әртүрлі қалыпта ұстап, қапшықты басқа қойып, жіптің үстімен жүруге жаттықтыру.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Біз ойнағанды жақсы көреміз.<br>Мақсаты: көтеріңкі заттың үстімен жүру, секіру дағдыларын қалыптастыру. организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ету, демін ірікпей, еркін тыныстау қабілетін дамытуды жалғастыру. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Бау-бақшада, бақтарда<br>**Мақсаты:** а) Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көкөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу.<br>**Сөздік жұмысы:** бау-бақша, бақ.<br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы: «Жайлауда»(өлең) Н.Жанаев.**<br>**Мақсаты:** дыбыстық интоциялық айқындыққа тәрбиелеу. Туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Көркем сөз арқылы есте сақтауды, шығарманың жанрын ажырата білуге үйрету. Өлеңді жатқа айтуға үйрету.<br><br>. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы: «Шырша мен балқарағай»**<br>Мақсаты:Балқарағай мен таныстыра отырып,оның шыршадан және басқа ағаштардан айырмашылығын көре білуге үйрету.Қылқанжапырақты өсімдіктердің тұрмыстағы,медицинадағы пайдасы туралы түсінікм бере отырып,табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:1 цифры туралы өткенді пысықтау.**<br>**М:** Балалардың 1 цифры туралы білімдерін нығайту;цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;таныс заттарды көлеміне қарай(үлкен,кіші,кішкентай)салысты руға,заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету;үшбұрыш туралы білімін нығайту,оны өзге фигуралардың арасынан табуды үйрету;үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын үсіндіру.<br><br>**3.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**Жүзім.<br>**Мақсаты:** ңағазбен жұмыс жасауға үйрету, қағазды умаждау арқылы жүзімді жасай алуға дағдыландыру және ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** түрлі түсті ңағаздар, ПВАжелімі, қылқалам, үлгі суреттер мен таратып беретін бұтақтардың суреттері. умаждау. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Алтын күз.<br>**Мақсаты:** Күзгі табиғаттан алған әсерлерін қағаз бетінде бейнелеу.Күзгі ағашты, оның бөліктерін анық етіп салуды үйрету.Ағаштың діңін төменнен жоғары қарай жіңішкеретінін, яғни жоғары жағы жіңішке, төмен жағы жуан болатынын айту, бұталарын, жапырақтарын көлденеңнен салып үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалану , сызықтарды батыл жүргізу, түстердің үйлесімдігін сезінуге, заттың пішінін ұқсата салуға үйрету.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «Күз көрінісі» суреті.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** сурет дәптер, бояулар,су,сүлгі, қылқалам.<br>**Сөздік жұмыс:** алтын күз-сары алтындай; жомарт-қолы ашық.<br>**2. Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**Көкөністер.<br>**Мақсаты:**Балаларға көкөністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету.Қол бұлшық еттерін,ойлау қабілеттерін дамыту. Сенсорлық тәрбие беру, еңбекқорлыққабаулу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**көкөністің суреттері , муляждар,<br>DVD, теледидар, үнтаспа, ермексаз, сүрткіш, су, тақтайша, қатты қағаз, қалақша, қалып.<br>**Әдіс-тәсілдер:** топпен жұмыс, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу,мадақтау.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы: «Атамның гүлзарындағы раушангүл»**<br>**Мақсаты:**<br>Гүлзардағы раушангүлін танып,басқа гүлдерден айырмашылығын айтып беруге үйрету.Олардың тұрмыыста қолданылуы,пайдасы туралы түсіндіру.Гүлзарда өсетін өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту.Өсімдіктер әлеміне танымдық қызығушылығын,тілектестік сезімін тудыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күзгі орман. (ІІІ -апта) | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы: «Әжемнің ауылына қонаққа бару» спорттық іс-шара.**<br>Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру.Балалардың зейінін дамыту:қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту.<br>**2. Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы:Белгі бойынша тоқтап,жүру және жүгіру.**<br>Нұсқаушының белгісі бойынша тоқтап,жүруге және жүгіруге үйрету.Лақтыру күшінжәне көзбен мөлшердей білуге дамыту.Көлденең тұрған нысанаға қапшықтарды лақтыруға жаттықтыру;заттар арасында еңбектеп жүруге жаттықтыру.<br>**3. Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы:**Түрлі түсті жалаулар.<br>Мақсаты: секіру және еңбектеу дағдыларын қалыптастыру. секіру жаттығуларын үйрету. Бір аяқ алда, екіншісі артта. Қолдарды шынайы қимылдатып, жеңіл әрі ритмге сай, саптан шықпай жүгіру. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** : Ұзын құлақ ақ қоян (кескін бойынша қоян жайлы әңгіме құру)<br>**Мақсаты**: а) Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құруға үйрену.<br>Сөздің түрленуіне жаттықтыру.<br>ә) Балалардың тілдік қорын дамыту,байыту.<br>б) Жан – жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:**қоян мен қаскырдың кезі тұрған суреті, тіл дамыту дәптері.<br>2.**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Жемістер жыры» (өлең) Рза Қонақова<br>Мақсаты: Жемістерді таныстыру, жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу, жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы түсініктерін дамыту. Балаларды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.<br>**3.Орыс тілі**<br>**Тақырыбы:**В лесу (Осень)<br>Мақсаты:Закрепление у детей знаний о сезонных изменениях в природе;расширять и обогащать представления детей о | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы:**Саңырауқұлақтар.<br>**Мақсаты:** саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Улы саңырауқұлақ- тардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы айта отырып, жеуге жарамды ақ саңырауқұлақ пен улы боз арамқұлақты түріне қарап танып, айтып беруге үйрету.<br>**Көрнекіліктер:** жеуге жарамды жөне улы саңырауқұлақ- тардың муляждары.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** ақ ватман, желім, саңырау- құлақтар, өсімдіктер, жануарлар т.б. жанды табиғат жөне жан- сыз табиғат бөліктерінің қима суреттері.<br>**Әдіс-тәсілдері:** сөздік, көрнекілік, практикалық.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:2цифрымен таныстыру.**<br>**Мақсаты:**2 саны және цифрымен таныстыру;2цифрын жазып үйрету; «кеше», «бүгін», «ертең» түсініктерін айыра білуге үйрету; «алыс», «жақын» түсініктерін айыра білугеүйрету | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Орамалды әшекейлеу.<br>**Мақсаты:** Оюө-рнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Балаларды шаршының ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру.Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірі «омыртқамен» таныстыру, оның суретін, салу жолдарын меңгерту, эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Қазақтың ұлттық ою-өрнегі және қазақтың ұлттық киімдерінің суреттері.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы: «Шалғындағы саңырауқұлақтар»**<br>**Мақсаты:**Тіктөртбұрыштан дөңгелек қию тәсілін және жабыстыру ережесін :беткі жағына желімжағып,суретті басып жабыстыруқылқаламға аздап желім жағып алып,қағаздаң үстінен жабыстырманы алақанымен басу.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша.<br>**4.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Берекелі алтын күз. (IV-апта)** | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Аттап жүру.**Шашырап жұптасып жүру мен жүгіруге жаттықтыру.Жылдамдық пен ептіліктерін дамыту.Көлбеу қойылған баспалдаққа міну арқылы білте таяқшаны дұрыс ұстауға үйрету;кесек ағаштан аттап жүруге үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Аттракциондар.**<br>Ойнауға болатын бірнеше қимыл-қозғалысы ойындарын үйрету,ойын барысында ынтымақтастыққа баулу;жылдамдық пен ептіліктерін дамыту.Ойын ережелерін сақтауға үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Орман жұмбақтары.<br>Мақсаты: секіру және доғаның астымен еңбектеу дағдыларын бекіту. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**<br>Алтын күз (сурет бойынша әңгіме құрастыру)<br>**Мақсаты:** а) Балалар хабарлы сөлемді қолдана отырып, сурет мазмұнына қарай әңгіме құрауға үйрету.<br>ә) Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту, саусақ моторикасын дамыту.<br>б) Өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Күзде»І.Байжұманов.**<br>(Мәнерлеп оқу)<br>**Мақсаты**: М:Күз мезгілі туралы түсінік беру.өлеңді тыңдап,өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу.<br><br><br>деген сүйіспеншілігін арттыру. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Күз сыйы.Жемістер мен көкөністер»**<br>**Мақсаты:М**:Көкөністер мен жемістерді ажыратып,топтастыруға үйрету.Қарапайым зерттеу жүргізу мен іздестіру әрекеттерін орындауға қызығушылығын тудыру<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:2 цифрымен саны туралы өткенді пысықтау.**<br>**Мақсаты:**2цифры мен саны туралы өткенді пысықтау;цифрды заттың саны мен сәйкестендіруді үйрету;жұмбақты көрген мәліметтер негізінде шешу жолдарын үйрету;таныс заттарды көлеміне,ұзындығына қарай салыстыру(ұзын,қысқа)қабілетін қалыптастыру;сопақша туралы өткенді,оныөзге геометриялық фигуралар арасынан табу.<br><br><br>**3.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**Күзгі бақтағыкірпі (жаңғақ, шемішке, ермексаз).<br>**Мақсаты:** орман аңдары туралы білімдерін бекіту, өз беттерінше түстерді дұрыс әрі нақты пайдалануға дағдыландыру, ермексазды тиімді пайдалануға және кірпіні ұқыпты жасай білуге үйрету.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** ермексаз, шемішке дәндері, үлгі көрнекіліктер.<br>**Сөздік жұмыс:** шемішке дәндері, табиғи материалдар. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды?<br>**Мақсаты:** Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету, шығармашылық қабілетерін, ой-қиялын дамыту,байқағыштығы мен көз мөлшері, қолдың қимыл-өозғалысы үйлесімділігін қалыптастыру.Жан-жақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Шаршы тәріздес теледидар формасы, құстың ұясы, орамал т.б.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** сурет дәптер, су, сүлгі, бояу, қығыз, қарындаш<br>**Сөздік жұмыс:** Теледидар, шаршы тәріздес- шаршыға ұқсайтын.<br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**Саңырауқұлақтар.<br>**Мақсаты:**<br>Түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу арқылы сюжетті мүсіндеуге үйрету;үңгу,жалпақтау әдістерін меңгерту,балалардың есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбекққорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы: «Күз сыйы»**<br>**Мақсаты:** күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау, адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.<br>Міндеттері: - балабақша ауласындағы кейбір ағаштардың түрлері жайлы білім беру.<br>Күзде пісетін көгөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру.<br>Ағаштардың бөліктерін тауып, атай білу дағдыларын бекіту; - күзгі табиғатты, олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту. - адамдардың күзгі әрекеттеріне балалардың зейінін аудара отырып, еңбек етуге тәрбиелеу. |

**Қараша.**

**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:**Балаларға табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру.
Айнала қоршаған орта туралы айтуға және табиғатты қорғауға тәрбиелеу.
**Міндеттері**:Табиғат туралы білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойындар ұйымдастыру.
Қоршаған ортаға деген сезімдерін дамыту:құм;тал;терек;су;

| **тақырыпша** | **«Денсаулық»-3** | **Қатынас-2,5** | **Таным-2,5** | **Шығармашылық-3,5** | **Әлеумет-0,5** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру-3 | Сөйлеуді дамыту-1<br>Орыс тілі-0,5<br>Көркем әдебиет-1 | Жаратылыс тану-1<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5 | Сурет салу-1<br>Музыка-1,5<br>Жапсыру-0,5.<br>Мүсіндеу-0,5 | Қоршаған ортамен танысу<br>0,5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ферма.**<br>**(І-апта)** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:Музыкалық ырғақты жаттығулар**<br>Бір қалыпты баяу жартылай отыруды және жеңіл секіруді үйрету.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді үйрету;белгілі бағыт бойыншажүгіру дағдысын жетілдіру.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Командалық ойындар.**<br>Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымжық қимыл-әрекеттердің үйлесімділігін дамыту.Ұжым болып әрекет етуге,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Шапшаңдық,ептілік,төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Командалық ойындар.**<br>Ойындарды ойнау және жаттығуларды орындау барысында ұжымжық қимыл-әрекеттердің үйлесімділігін дамыту.Ұжым болып әрекет етуге,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Шапшаңдық,ептілік,төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**<br>Үй жануарлары .<br>**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары мен олардың төлдерін білдіретін сөздерді қолдана отырып, жануарлар туралы айту білігін бекіту. Сөйлеу барысында жануарлар мен олардың төлдерінің атауын білдіретін зат есімдердің жекеше және көпше түрлерін қолдана білу іскерлігін дамыту және олардың топтарға қарай жіктелуін ұғындыруды жалғастыру. Жануарларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс:** үй жануарлары.<br>**Көрнекі құралдар:** үй жануарларының суреттері<br>**2.Көркем әдебиет.**<br>Тақырыбы: Сүт өнімдері.<br>Мақсаты: Сүттен жасалатын өнімдер туралы түсініктерін кеңейту.Айраннан биос,йогурт жасауға үйрету.Зерттеу жүргізудің қарапайым дағдыларын меңгерту.<br>**3.Орыс тілі.**<br>**Тақырыбы:Домашние животные.**<br>**Мақсаты:**Продолжать расширять словарный запас детей,словами,обознача | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы**: Үй жануарлары жылқы және есек.<br>**Мақсаты:** екінші кіші топта меңгерген үй жануарлары түйе, сиыр, ешкі туралы түсініктерін кеңейте отырып, жылқы және есекпен таныстыру. Жылқы мен есектің ұқсастықтары мен айырмашылығы туралы түсініп айтып беруге үйрету. Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып, қамқор-лықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** үй жануарларының суреттері.<br>**Әдіс-тәсілдері:** сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: 3 цифрымен танысу.**<br>**Мақсаты**:<br>М:матемтикалық жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету; 3 цифрын 3снының таңбасы ретінде таныстыру;нүктелерді қосып; 3цифрын салуды үйрету;өзге цифрлардың арасынан 3санын табу;1,2,3 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастырамыз;балалардың жыл мезгілі туралы білімін пысықтаймыз(күз) | **1.Сурет салу**.<br>**Тақырыбы:**Үйдің суретін саламыз.<br>**Мақсаты:** Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру.Бояу түсін таңдай білу,сурет салуға қызығушылығын арттыру.Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Бір қабатты үй мен көп қабатты үйлердің суреттері.<br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:**«Қонжыққа арналған пирамида»<br>**Мақсаты:**қоршаған орта және ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту;ойыншықтың келбетін көшіріп,аппликация жасауға үйрету.Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер,қажетті құрал-жабдықтар:**<br>Ойыншық қонжық,пирамидалар,қайшылар,желім,сулық,үлестірмелі материалдар.<br>**Сөздік жұмыс:** сары күз,алтын күз.<br><br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша.<br>**4.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Құстар біздің досымыз. (ІІ-апта)** | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Балаларды еңбектеп жүруге үйрету.**<br>**Мақсаты:**Шапшаңдық,ептілік,төзімділік сияқты қасиеттерді дамыту.Көлбеу жазықтың үстімен жүруге үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Бөрене үстімен еңбектеу.**<br>**Мақсаты:**Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге шеңбер бойымен жүруге үйрету.Негізгі қасиеттерді шапшаңдық,ептілікті дамыту.Оң және сол қолымен құм толтырылған қалташаны алысқа лақтыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**3.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Бөрене үстімен еңбектеу.**<br>**Мақсаты:**Гимнастикалық орындық немесе бөрене үстінде еңбектеп жүруге шеңбер бойымен жүруге үйрету.Негізгі қасиеттерді шапшаңдық,ептілікті дамыту.Оң және сол қолымен құм толтырылған қалташаны алысқа лақтыру дағдыларын қалыптастыру. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** Әңгімеле...<br>**Мақсаты:**<br>а) Балаларды педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар жайлы шағын әңгімелерді бейнелеп айта білуге үйрету.<br>ә) Хабарлы сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап, қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы ауызекЙ сөйлеу тілдерін дамыту.<br>б) Ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Сөздік жұмыс:** доп<br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:**«Әтеш пен Тоты» ертегісі<br>**Мақсаты:**<br>Ертегі мазмұнын түсіндіру; Өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту; Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын құралдар:**хрестоматия, жұмыс дәптер. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы:** Үй құстары.Тауық пен балапаны.<br>**Мақсаты:** үй құстарының тіршілігі туралы түсініп айтып беруге үйрету. Ересектердің үй құстарына жасаған қамқорлығы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Олардың көбеюі, адамға әкелетін пайдасы туралы айта отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көрнекіліктер:** үй құстарының суреттері, балапанның пайда болуы.<br>**Әдіс-тәсілдері:** сөздік, көрнекілік, практикалық.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:1,2,3 цифрлары туралы өткенді пысықтау.**<br>**М:** 3сан мен цифры туралы өткенді пысықтау;цифрды заттың санымен сәкестендіруді үйрету;екі топтағы заттарды салыстыруға жаттықтыру;заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту;таныс заттарды еніне қарай(кең,тар)салыстыру қабілетін ұштау;тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау,оныөзге геометриялық фигуралар арасынан табу;тіктөртбұрыштың көлеміне қарай әртүрлі болатынын түсіндіру.<br>**3.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**Құс.<br>**Мақсаты:** балаларға қағазды умаждау арқылы құстың бейнесін жасай білуге, умаждалған ңағазды белгілінген жерге дұрыс орналастыра алуға үйрету, ұқыпты жұмыс істей білуге дағдыландыру, құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар :** | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:**Күз бейнесі.<br>**Мақсаты:** Балаларды табиғатты бейнелеу жанрымен таныстыру,балалардың күзгі табиғаттан өздері бақыланғандарын суретте бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыру, суретке мазмұн бере білуге және жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне салуға, жағу, басу арқылы жалпақ, жуан із қалдыруға, көлденеңнен жағыс әдісін пайдалануды үйрету.Отанды, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Күз мезгілінің суреті.Саңырауқұлақ суреті.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** сурет дәптер, су, сүлгі, бояу, қығыз, қарындаш.<br>**Сөздік жұмыс:** Күзгі саябақ, орман.<br>**Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**Фермаға барар жолдағы күзгі жапырақ .<br>**Мақсаты:** Балаларға күз туралы түсінік беру, күз айларының атауларын меңгерту, мүсіндеудің жалпақтау, бедерлеу,шымшу дағдыларын қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, арнайы құралдармен жұмыс істеу дағдыларынжетілдіру<br><br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы: :** Құстар тіршілігі<br>**Мақсаты:** Құстардың тыныс тіршілігі туралы мағұлмат беру<br>Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жабайы жануарлар әлемі. (III -апта)** | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақтар ойыны»** Нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруге жаттықтыру.Негізгі қасиеттерді шапшаңдық,ептілікті дамыту.Еңбектеуге және едендеқырымен тұрған баспалдақ таяқшаларының арасынан еңбектеп өтуге жаттықтыру.<br>**2. Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы:Орындықта орындалатын жаттығулар.**<br>Тепе-теңдік сақтау қабілетін дамыту.Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту.Қимыл-қозғалысты үйлесімді ету қабілетін дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**.<br>**Тақырыбы:**Жіппен ойнаймыз.<br>Мақсаты: стандартты емес жабдықты пайдалану арқылы бой түзулігінің бұзылуының профилактикасын өткізу. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:** : «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін сахналау<br>**Мақсаты**: а) Сөйлеу мәндерін қалыптастыру.<br>ә) Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін ( дауыс ырғағы, ымдау,қимыл-қозғалыс, дауыс құдіреттілігі, интонация) қолдануды дамыту.<br>б)Шыншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** сахналауға арналған түлкі, әтеш, тауық, тауыс, үйрек,қоян бетперделері, киімдері.<br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:Жабайы аңдар.**<br>**Мақсаты:Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелеу.Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту,олардың тіршілігін сипаттап айтуға,қорқауға,қамқор болуға,аттарын ажыратып атауға жетелеу,сөздік қорын байыту.**<br>**2.Орыс тілі** | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы: Тиін.**<br>**Мақсаты:** Жабайы аңдар:аю,қоян,түлкі,қасқыр туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыра отырып,тиінмен таныстыру.Тиіннің қоректенуі,тіршілігі туралы айтып бере білуге үйрету.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы:Заттардың санын цифрлармен сәйкестенндіру.**<br>**Мақсаты**: Математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету;екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу;заттар тобының тең және тең еместігі туралы түсініктерін дамыту;таныс заттарды еніне қарай(кең,тар)салыстыру қабілетінұштау;тіктөртбұрыш туралы білімін ұштау,оныөзге геометриялық фигуралар арасынан табу.тіктөртбұрыш көлеміне қарай әртүрлі болатынын түсіндіру. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыб:**Тәрелкені әшекейлеу.<br>**Мақсаты:** Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою-өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемділікті қабылдай білуге тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Тәрелкенің суреті.Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің суреттері және қазақ халқының тұрмыста тұтынатын бұйымдарының суреті.<br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**Фермаға барар жолдағы күзгі жапырақ .<br>**Мақсаты:** Балаларға күз туралы түсінік беру, күз айларының атауларын меңгерту, мүсіндеудің жалпақтау, бедерлеу,шымшу дағдыларын қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, арнайы құралдармен жұмыс істеу дағдыларынжетілдіру.<br>**Тәрбиелік:** еңбекке деген ынтасын арттыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ТОҚ (бейнеролик), күз табиғаты бейнелеген бүктеме, күзгі жапырақтардан гербарий.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** тақтайша, ермексаз, қатты қағаз, шаблон.<br><br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша.<br>**4.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Жануарлар қысқа қалай дайындалады? (IV-апта)** | **1.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Оң және сол қолдарымен лақтыру.**<br>Көлденең қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету.Балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету.Бір орында тұрып ұзындыққа секіруге үйрету,көзбен мөлшерлейбілуге дағдысын және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету;кеңістікке бағдарлану білігін қалыптастыру.<br>**2.Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:Бастаушыны ауыстырып жүру.**<br>Бір орында тұрып секіруге жаттықтыру.Нұсқаушының берген белгісіне қарай жылдам әрекет етуге үйрету.Гимнастикалық орындық үстінде еңбектеуді үйрету.<br>3. **Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы:**Ерекше шар.<br>Мақсаты: доптарды бір-біріне домалату, арқанмен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы:**<br>Ұзын құлақ ақ қоян (кескін бойынша қоян жайлы әңгіме құру)<br>**Мақсаты**: а) Үлгі бойынша бейнелік сипатты әңгіме құруға үйрену.<br>Сөздің түрленуіне жаттықтыру.<br>ә) Балалардың тілдік қорын дамыту,байыту.<br>б) Жан – жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:**қоян мен қасқырдың кезі тұрған суреті, тіл дамыту дәптері.<br>**Сөздік жұмыс:** ақ қоян, орғып келе жатады.<br><br>**2.Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы:**<br>**Құмырсқа мен кгершін.**<br>**Мақсаты:**қыстайтын құстарды ажыратуға, атай алуға жаттықтыру. Балаларды құстарға көмек көрсетіп, оларға мейіріммен, қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.Балаларды жақсылық жасауға тәрбиелеу. | **1.Жаратылыс тану.**<br>**Тақырыбы:«Мүлгіген орманда нелер тұрады?»**<br>Мақсаты:Балалардың орман туралы түсінігін кеңейту, адам мен орман арасындағы байланысты түсіндіру,аңдардың қорегін табу тіршілігі жайлы түсінік беру, орманды қорғау үшін жауапкершілікке тәрбиелеу, жабайы жануарлардың тіршілігі және олардың өсуі мен дамуына қолайлы жағдайларын туғызу қажеттелігі туралы нақты ұғымдарын қалыптастыру.<br>**2.Математика негіздері.**<br>**Тақырыбы: Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі**<br>**Мақсаты:** Заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету.заттарды үлгі бойынша санап шығуға үйрету;әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесетең еместігін анықтауды үйрету;заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білуге үйрету;баланың зейінін дамыту.<br>**3.Құрастыру.**<br>**Тақырыбы:**Қошақан.<br>**Мақсаты:** үй жануарлары жайлы білімдерін толықтыру, қошақанды жолақ қағаздармен жасауға, ұқыпты жұмыс істей білуге үйрету.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** үлестірмелі суреттер, ойын шық қошақан, әр балаға жолақ қағаздарды орайтын қарындаштар, жолақ қағаздар т.б.<br>**Сөздік жұмыс:** бұйра жүнді қошақан, орау, ширату т.б. | **1.Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды?»<br>**Мақсаты**:Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету,шығармашылық қабілеттерін,ой-қиялын дамыту,байқағыштығы мен көз мөлшері, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру.Жан-жақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**шаршы тәріздес теледидар формасы,құстыңұясы,орамал.т.б.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** Суретдәптері, карандаш,бояулар,сүлгі,қылқалам.<br>**2.Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы:**Тиін жаңғақ кеміреді.<br>**Мақсаты:** Тиін,тиіннің тіршілігі туралы түсініг беру;тиіннңмүсінін жасай білуге,дене бөліктерін біріктіріп қосу,шымшып қысу,дөңестеу тәсілдерін үйрету;саусақ мотерикасын жақсарту.<br>Баланың ойын, тілін,шығармашылыққабілетін,көркемдік талғамын дамыту.<br>**Тәрбиелік:** ұқыпты жұмыс істеуге,бір-біріне көмектесе балуға;эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** әуен орталығы, DV D,орман тұрғылары туралы бүктеме.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:** ермекса, тақтайша, су,сүрткіш,қарағайдың<br>**3.Музыка**.Саз жетекшінің жоспары бойынша. | **1.Қоршаған ортамен танысу .**<br>**Тақырыбы:Жабайы аңдар.**<br>**Мақсаты:**Әңгіменің мазмұнын сурет бойынша әңгімелеу.Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту,олардың тіршілігін сипаттап айтуға,корқауға,қамқор болуға,аттарын ажыратып атауға жетелеу,сөздік қорын байыту. |

**Желтоқсан.**

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

**Мақсаты:**Балаларға туған ел,Отан туралы түсініктерін қалыптастыру.
Айнала қоршаған орта туралы айтуға және табиғатты қорғауға тәрбиелеу.
**Міндеттері**:Табиғат туралы білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойындар ұйымдастыру.

| **тақырыпша** | **«Денсаулық»-3**<br><br>Дене шынықтыру-3 | **Қатынас-2,5**<br><br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Орыс тілі-0,5<br>Көркем әдебиет-1 | **Таным-2,5**<br><br>Жаратылыс тану-1<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5 | **Шығармашылық-3,5**<br><br>Сурет салу-1<br>Музыка-1,5<br>Жапсыру-0,5.<br>Мүсіндеу-0,5 | **Әлеумет-0,5**<br><br>Қоршаған ортамен танысу<br>0,5 |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
